

## Теректі ауданында 2011 жылдың қантар-наурыз айларында азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеуді өткізуі үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 210 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 31 желтоқсанда № 7-12-103 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімінің 2011 жылғы 22 сәуірдегі № 68 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімінің 2011.04.22 № 68 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңын басшылықта алғып және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңына сәйкес

### **Ш Е Ш И М**

### **Е Т Е М И Н :**

1. "Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) Теректі ауданында 2011 жылдың қантар-наурыз айларында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру участекесіне тіркеуді үйымдастыру және қамтамасыз ету үсінілсін.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Теректі аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны (келісім бойынша) және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Теректі аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны (келісім бойынша) шақыру участекесінің әскери міндептілер мен әскерге шақырылуышылдардың әскери есебін тіркеу кезінде азаматтарды медициналық куәландырудан өткізуі дәрі-дәрмекпен , инструментариймен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету үсінілсін .

3. "Теректі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Теректі ауданының тіркеу пунктіне тіркеуді дайындау және өткізу кезеңіне 2011 жылғы қантардан наурызға дейін есептегі жұмыссыздар қатарынан қажеттілігіне қарай техникалық және қосалқы қызметкерлер ретінде бөлсін.

4. Селолық округ әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды атқарсын.

5. Аталған шараларға байланысты шығын жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтесін.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

7. Осы шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. К. Кулбатыровқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А. Утегулов

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы  
Теректі ауданының қорғаныс  
істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы  
-----  
Кожангалиев А. И.

07.12.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысының  
әкімдігі денсаулық сақтау  
басқармасының "Теректі  
аудандық ауруханасы"  
мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық көсіпорнының  
директоры  
-----  
Сагинов Д. С.

08.12.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысының  
әкімдігі денсаулық сақтау  
басқармасының "Теректі  
аудандық орталық ауруханасы"  
мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық көсіпорнының  
директоры  
-----  
Мищенко А. А.

08.12.2010 ж.